



Хәкім әлемін корей елі терең тануда

Жақында Оңтүстік Кореяның Мәдениет, спорт және туризм министрлігіне қарасты мемлекеттік және халықаралық «Корей мәдениет алмасу ұйымының» ресми порталына «Қазақ ұлтының кеменгер ақыны Абай Құнанбайұлының туған жеріне

барған сапар» деген корей тілінде жазған мақаламыз шықты. Мақала өзіміз түсірген Абай кесенесі басындағы жиырмаға жуық суретпен толық басылды.

Биыл Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Абайдың 175 жылдығын мемлекеттік деңгейде атап өту туралы Жарлыққа қол қойды. Үкіметтік деңгейде комиссия құрылып, қазіргі таңда Абай тойын атап өту үшін үлкен жұмыстар жасалынууда. Осы тойға мен де өзімнің үлесімді қосу мақсатымен Абай туралы корей тілінде мақала жазуды ұйғардым. Сол мақсатпен Абай еліне, Қарауыл ауылы, Жидебайға арнайы барып келдім. 1995 жылы ақынның мерейтойында болғаным бар еді. Бұл жолы ғылыми мақсатпен ат басын бұрдым. Сеул қаласынан. Елордамызға келген соң Аягөзге кіріп, аудан әкімі Ділдібек Тәжібайұлына жолығып, сапардың мән-жайын түсіндіріп, көлік алып, Қарауылға жеттім. Сапардан кейін Сеулге ұшып, мақаланы шығардым. Корей еліне Абай туралы кеңірек мағлұмат беріп, насихаттауға тырыстым.

Ең бірінші Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Шығыс Қазақстан өңіріне барып, киелі мекен Жидебай топырағын басып, Абай үйінде болғанын жаздым. Сапар кезінде Президенттің хәкім мұрасын кеңінен дәріптеуді, ол «Рухани жаңғырудың» негізгі бағдарына айналуы қажеттігін, айтулы мерейтойды ел болып атап өту керектігін айтқанын жеткіздім. Мақала мазмұнында бірінші кезекте Абайдың туған жері мен өскен ортасы, тұрған мекені таныстырылды. Оның «Еуразия кіндігінде» туғаны – корей елі үшін тың дүние. Бұл еуразиялық «Жер кіндігі» Абайдың туған жерінде тұрғанын Корей жұрты алғаш рет естіп, білді. Аталған ақпарат олар үшін үлкен қызығушылық тудырары сөзсіз. Қарауыл ауылы,

Жидебайдағы Абай үйінің тарихы, тоналу мен талан-таражға түскен мұра, жәдігерлердің жинақталуы жөнінде кеңінен тоқталдым. Абай үйіндегі құнды әрбір жәдігердің Абай мен оның отбасы мүшелері өмірінде қандай орын алатыны туралы сөз қозғадым. Мақала ақынның шежіресімен басталды. Шығыстықтар шежіреге қатты мән береді. Сондықтан ақынның шежіресі шығыс елінің қызығушылығын оятады деп сенемін. Ақынның әрбір тұтынған заттары бір бөлек әлем. Құнанбайдың тақиясы, Абайдың үш ішекті домбырасы, алғашқы өлеңдер жинағы, қымыз тостаған, текемет пен сырмақтар, ағылшын пеші. Әр бөлмедегі зат Абайдың кезеңімен тығыз байланысты. Оқырман сол заттар арқылы өткен ғасырдан хабар алады. Мақаланы оқыған шетелдік оқырманға көшпенді ел көш кезінде сол жинаулы тұрған жасауды түсінге калай артатыны ерекше әсер етеді. Ділданым жасауы, ұзатылғанда мініп келген Әйгерімнің күміс ертоқымсы технологиясы дамыған елге қандай ой тастайды деп ойлайсыз? Корей жұрты кешегі қазақ қызының қандай текті болғанын байқар деп ойлаймын. Бұл да патшалар сарайында тууды және тұруды армандаған шығыс қоғамына таңсық емес пе?! Әсіресе ақынның «Қансонарда» деген аңшылық өлеңін айта кетіп, ақынның орыс Сібір генерал губернаторы, барон Таубеден алған сыйы – ақынның мылтығын тілге тиек еттім. Аңшылықты жақсы көретін шығыс елі Абайды орыс елінің мылтықтары қалай сыйлап, оған сыйсияпат жасағандығын білсін дедім. Одан басқа ақынның жеке отбасылық суретіне назар салдым. Ақынның

еуропалық сурет мәдениетімен таныс екендігін білдірдім. Ақын Абайдың тоғызқұмалақ пен шахматты меңгергендігін корейлер оқыса, әрине таңғаларлығы анық. Бұл да бір оларды бейжай қалдырмайтын керемет құнды дерек деп есептеймін. Ақынның жазу үстеліндегі, қауырсын қаламы мен орыс, араб, парсы тілдерінде жазылған кітаптар корей оқырмандарын тағы да қызықтыра түседі. Абай қолданған протезтіс медециналық туризмді дамып, әлемде бірінші орынға шыққан корей жұртына тың жаңалық. Мұндай жаңалықты корей жұрты ең бірінші рет оқып отыр десек артық айтып, мақтанғандығымыз емес. Міне, осылай дала данышпанының еуропалық медицинадан хабары болғандығын корейлер оқып танысып отыр.

Бұл мақалада Абайдың шығармашылығы, өлеңдері, әндері, аудармасы, ел ісіне араласқандығы туралы жан-жақты айта кеттім. Ол корей ғалымдарына қазақ мұрасына жаңаша көзқараспен қарауға септігін тигізеді. Мақалада Зере әжеміз бен Ұлжан анамыз туралы мәлімет бар. Олардың бала Абайдың тәрбиесінде үлкен рөл атқарғандықтары тілге тиек болды. Фотосуреттерде Абайдың кесенесі, оның іші-сырты көрсетілді. Абайдың тура қасында жатқан Шәкәрім қажы да корей жұртына алғаш рет жетті. Шәкәрімнің мол мұрасы, өмірі, еңбегі «Үш анық», қажылық қана емес, Еуропаға сапары, оның НКВД сарбаздарының қолынан қаза тапқандығы, баласы Ақаттың қаншама жылдан кейін әкесінің мүрдесін тауып, жерлегендігі, ақынның трегедиялық тағдыры туралы баяндалды. Трагедиялық шығармаларды іздеп оқытын корей оқырманы Шәкәрімнің тағдырына күрсініп, мұнаары анық. Шәкәрімнің тұрған үйі де назардан тыс қалмады. Одан басқа Абай жазған жарғы-зандар жинағының Қазан қаласында табылғандығы корей ғалымдарына үлкен ой тастайды.

Сонымен қатар бүгінгімен байланыстырып, қазіргі таңда елімізде Абай өлеңдерін оқу эстафетасы өтіп жатқандығы айтылды. Оған белгілі тұлғалардың қатысып жатқанын атадым. Елордалық оқушыдан басталған

эстафета Президентпен жалғасын тапқаны егжей-тегжейлі баяндалды. Осы ретте айта кету керек, корей жұртына қызықты болу үшін Абай өлеңдерін оқу эстафетасында атакты боксшы Геннадий Головкиннің атының аталғандығы маңызды жаңалық. Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов пен қытай елінің әлемдік кәсіпкері Джеқ Манын Генадий Головкинге Абай өлеңін оқу эстафетасын жолдағаны ел есінде. Сондай-ақ елордамызда жаңа мектепке Абай есімі берілгендігін, Семейдегі әуесжай Абай атында аталатындығы жазылды. Және Абай ақынның аз тиражды таңдамалы өлеңдерін 2010 жылы корей елінің бір азаматы аударып, кітап қылып шығарғандығы айтылды. Сөз соңында ұлы ақынның ол аудармасы болашақта жаңа зерттеуді қажет ететіндігі көтерілді.

Абай әлемдік тұлға екендігі бәрімізге аян. Корей тілінде жарық көрген мақаланың беделді ұйымның ресми порталында басылуы мемлекеттік деңгейде өтетін мерейтойдың маңыздылығын аша түседі. Ұйым туралы айтар болсақ, әлемнің 40-тан аса мемлекетінде тілшілері жұмыс істеп, оған шыққан мақалалар көп елге тарайды. Ұйым корей, ағылшын, қытай, жапон сияқты төрт тілде ақпарат таратады. Оның жеке журналы да бар. Осындай ұйымға шыққан мақала әлемдегі корей елшіліктері, мәдени орталық, медиа кеңістікке тарап, ғалымдар, жазушы, ақын, тілші, мемлекеттік қызметкер, дипломат, студент және қарапайым оқырман танысады. Сондықтан мақала корей еліне Абайды сан қырынан танытып, болашақта Сеулден түрлі туристің ағылып келуі мен ғылыми, мәдени байланыстың дамуына өз үлесін қосады деп санаймын. Сонымен қатар Қазақстан туралы білгісі келетін әрбір корей Абайды бірінші оқып, Абай арқылы елімізді танып, сан салада ынтымақтастығын дамыта түседі.

Дастан АҚАШ,
арнайы «Егемен Қазақстан»
үшін

Оңтүстік Корея (СЕУЛ)